

породы «Советская шиншилла» количество незаменимых аминокислот составляет 8188 мг/100г, в мясе кролика породы «Серебристая» 8001 мг/100г, а в мясе кролика породы «Белый великан» 7856 мг/100г, а заменимые аминокислоты соответственно 13133 мг/100г, 12812 мг/100г и 12579 мг/100г.

На основании исследования полученных, можно заключить что в мясе кроликов содержится необходимое количество аминокислот, которые улучшает химический и аминокислотный состав мяса кролика.

Ключевые слова: аминокислоты, кролик, мясо кролика, пищевая ценность.

Romashev K.M., Zhumageldiev A.A., Akkozova A.S., Shalharova D.J.,
Mankibaev A.T., Kaztaeva B.K.

DETERMINATION AMOUNT OF AMINO ACIDS IN COMPOSITION MEAT OF RABBIT OF DIFFERENT BREEDS

In the article presented the research results of amino acids amount in meat composition of rabbit of different breeds. On the result of researches evidently, that in rabbit meat of "Soviet chinchilla" breed the irreplaceable amino acids consist 8188 mg/ 100g, in rabbit meat of "Silver" breed 8001 mg/ 100g, and in rabbit meat of the "White giant" breed 7856 mg/100g, and replaceable amino acids according to 13133 mg/100g, 12812 mg/100g and 12579 mg/ 100g.

On the basis of research we can see that there are all necessity amino acids in meat of rabbit, which is improved chemical and amino acid composition of rabbit meat.

Key words: amino acids, rabbit, meat of rabbit, food value.

ӘОЖ: 637.5:636.92

**Ромашев Қ.М., Аккозова А.С., Шалхарова Д.Ж.,
Қазтаева Б.Қ., Джунисбаева С.М**

Қазақ ұлттық аграрлық университет

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚОЯН ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫНДА ҚОЯН ТҰҚЫМДАРЫ ЕТТЕРІНІҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Андатпа

Мақалада Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданындағы қоян шаруашылығында, қоян етінен зерттелген химиялық құрамының көрсеткіштері келтірілген. Зерттеулерде «Ақ алып», «Күміс тәрізді» және «Советтік шиншилла» тұқымдас қояндар қолданылды. Зерттеу көрсеткіштері арқылы, қорытындылай келе «Күміс тәрізді» және «Советтік шиншилла» етіне қарағанда «Ақ алып» қоян тұқымы етінің энергетикалық құндылығы жоғары екені дәлелденді.

Кілт сөздер: қоян, ақуыз, май, ылғалдылығы, күл, энергетикалық құндылығы.

Кіріспе

Қоян еті – барлық диеталық еттің ішінде маңызды орын алады. Ол сәлді, нәзік, дәмі жағынан тауық етіне жақын, қуаттылығы өте жоғары, тез қорытылады. Құрамында белок пен майдың мөлшеріне қарай қоян еті тауықтың етінен әлдеқайда асып түседі. Қоян етінің құрамында жоғары дәрежеде құнды ақуыз, аз мөлшерде майдың экстрактивті заттары және

холестерин болады. Мысалы, адам организмінде қоян етіндегі белоктың 90 пайызы қорытылып сіңсе, сиыр етінің тек 62 пайызы ғана сіңеді [1,2].

Қоян еті егде тартқан адамдарға, әсіресе балаларға, сол сияқты гипертониялық ауруларға, бауыр және қарын, өт жолдары ауру адамдарға диеталық ет тамақ ретінде ұсынылады.

Сонымен бірге қоян еті РР витаминіне де (никотин қышқылы) калийдің, кальцидің, магнийдің және фосфордың тұздарына да бай. Қоянның майы ақ, жұмсақ, 22-25 температурада ериді.

Біздің ғылыми зерттеу жұмысымыздың мақсаты: әр түлік қоян еттерінен химиялық құрамын қоян етінің тағамдық құндылығын анықтап, салыстырмалы талдау.

Материалдар мен әдістер

Әр түлік қоян еттерінен сынама алынып, ветеринариялық санитариялық сараптауда жалпы қолданылатын тәсілдермен химиялық құрамы тексерілді, қоян етінің тағамдық құндылығы анықталып, салыстырмалы талдау жасалынды [3].

Жұмыс Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданына қарасты Керейт ауылында қоян өсіру шаруашылығында, Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена кафедрасының «Қауіпсіздік, сапа және ветсансараптау» зертханасында және Қазақ тағамтану академиясының «Нутритест» зертханасында жүргізілді. Зерттеу жүргізу барысында «Ақ алтын», «Күміс тәрізді» және «Советтік шиншилла» деп аталатын тұқымдарынан 5 қояннан алып, еттерін тексердік.

Зерттеу нәтижелері және талдау

Тағам өнімінің сапалылығы, құндылығы, қорытылуы, сіңімділігінің химиялық құрамына байланысты. Сондықтан әр түлік қоян етінің құрамындағы ақуыздың, майдың, ылғалдың, энергетикалық құндылығының мөлшері анықталады. Осы бағыттағы жүргізілген зерттеу нәтижелері 1 – кестеде беріліп отыр.

1 – кесте. Әр түлік қояндардың етінің химиялық құрамы

РР/с	Көрсеткіштер	Тұқымдары		
		Ақ алып	Советтік шиншилла	Күміс тәрізді
1	Тағамдық құндылығы, г/100г			
11	Ақуыз, %	20,9	21,8	21,3
22	Май, %	12,1	10,7	11,2
33	Ылғалдылығы, %	65,9	66,2	66,3
44	Күл, %	1,1	1,3	1,2
55	Энергетикалық құндылығы, ккал\100г	193	184	186

Жалпы алғанда, ет құрамындағы басты көрсеткіштердің бірі ет құндылығын анықтайтын көрсеткіштердің маңыздысы ақуыз екені белгілі. Ақуыз ет ұлпасының ең пайдалы бөлігі. Ет құрамына кіретін ақуыздар амин қышқылдарының түрлерімен, құрлысымен, физикалық-химиялық көрсеткіштерімен және биологиялық қызметімен ерекшелінеді. Ақуыздың жағдайы еттің консистенциясына, ылғалды ұстау, эмульгирлеу қасиетіне және еттің түсіне әсер етеді. Олай болса, біздің зерттеулеріміздегі ақуыздың мөлшері: «Ақ алып» қоян етінде – 20,9%, «Советтік шиншилла» - 21,8%, «Күміс тәрізді» - 21,3% болды.

Майлар организмдегі қуат көзі болып табылады. Май, ет ұлпасынан кейін еттің сапасын анықтайтын екінші морфологиялық компонент. Зерттеулерімізде май мөлшері: «Ақ алып» қоян етінде 12,1%, «Советтік шиншилла» - 10,7%, «Күміс тәрізді» - 11,2% болып анықталды. (1- кесте)

Еттегі су денедегі ең өзгергіш заттардың біріне жатады. Су минералды және органикалық заттарды жақсы сіңіреді. Сондай-ақ, су зат алмасу процесі кезінде жүретін көптеген реакциялардың негізгі ортасы болып табылады. Судың көмегімен торшалардағы, ұлпалардағы химиялық заттар өзіндік қосылыстар түзеді. Судың басты қасиеттерінің бірі еттегі рН көрсеткіштерінің өзгеруін реттеп отырады.

Ет суының (ылғалдылығы) мөлшері: «Ақ алып» қоян етінде 65,9%, «Советтік шиншилла» - 66,3%, «Күміс тәрізді» - 66,3% құрады, яғни еттің ылғалдылығында барлық әр-түлік қояндардың етінде айтарлықтай өзгеріс байқалмады. Қоян етінің ең тұрақты бөлігінің бірі –күлі. Бұл көрсеткіш қояндар етінде 1,1-1,3% аралығын құрайды.

1- кестеден көріп отырғанымыздай, 100 г еттің қуаттылығы «Ақ алып» қоян етінде 193 ккал болса, «Советтік шиншилла» қоян етінде бұл көрсеткіш 184 ккал, ал «Күміс тәрізді» қоян етінде 186 ккал екені анықталды.

Еттің тағамдық құндылығы оның химиялық құрамына, яғни ақуыз, май, көмірсу, минералды заттар, дәрумендер мөлшеріне байланысты екені белгілі, сондықтан оларды анықтау аса маңызды зерттеулерге жатады.

Еттің энергетикалық қуаттылығының, тағамдық құндылығы және құрамындағы бұлшық ет, май, дәнекер ұлпаларының бір-біріне ара - қатынасы қояндардың жасына, жынысына, өнімділік бағытына және олардың азықтандырылуына байланысты болады.

1- кестедегі зерттеу нәтижесі көрсеткендей, химиялық құрамы бойынша «Ақ алтын» тұқымдасына жататын қояндардың энергетикалық құндылығы, бойынша жоғары және күл қалдығы бойынша шамалас екенін байқадық. Ал, «Советтік шиншилла» ақуызы бойынша, «Күміс тәрізді» тұқымы ылғалдылығы бойынша жоғары екенін байқадық. Қорытындылай келе, «Ақ алып» қоян тұқымының етінің химиялық құрамының көрсеткіштері: ақзат - 20,9%, май - 12,1%, ылғалдылығы - 65,9%, күл - 1,1%, энергетикалық құндылығы-193 ккал. «Советтік шиншилла» қоян тұқымының етінің химиялық құрамының көрсеткіштері: ақзат - 21,8%, май-10,7%, ылғалдылығы-66,2%, күл-1,3%, энергетикалық құндылығы-184 ккал. «Күміс тәрізді» қоян тұқымының химиялық құрамының көрсеткіштері: ақзат-21,93%, май-11,2%, ылғалдылығы-66,3%, күл-1,2%, энергетикалық құндылығы-186 ккал құрайтыны анықталды.

Нәтиже сараптамасы бойынша «Советтік шиншилла» мен «Күміс тәрізді» тұқымына қарағанда химиялық құрамы бойынша «Ақ алып» энергетикалық құндылығы, майлылығы жоғары екені дәлелденді.

Қорытынды

«Ақ алып» қоян тұқымының етінің химиялық құрамының көрсеткіштері: ақуыз - 20,9%, май-12,1%, ылғалдылығы-65,9%, күл-1,1%, энергетикалық құндылығы-193 ккал құрады. «Советтік шиншилла» қоян тұқымының етінің химиялық құрамының көрсеткіштері: ақзат-21,8%, май-10,7%, ылғалдылығы-66,2%, күл-1,3%, энергетикалық құндылығы - 184 ккал мөлшерінде анықталды. «Күміс тәрізді» қоян тұқымының химиялық құрамының көрсеткіштері: ақзат-21,93%, май-11,2%, ылғалдылығы-66,3%, күл-1,2%, энергетикалық құндылығы-186 ккал деңгейінде екені анықталды. «Советтік шиншилла» мен «Күміс тәрізді» тұқымына қарағанда химиялық құрамы бойынша «Ақ алып» тұқымының етінің энергетикалық құндылығы, майлылығы жоғары екені дәлелденді.

Әдебиеттер

1. Аккозова А.С., Ромашев К.М., Джунисбаева С.Н. Мясная продуктивность кроликов разных пород. //Материалы Международной научно-практической конференции «Современные проблемы борьбы с особо опасными, экзотическими и зооантропонозными болезнями животных», посвященной 70-летию профессора Н.Г. Асанова, Алматы 2012, с. 179-181

2. Жолдасбекова М.Н., Ромашев К.М., Жумагелдиев А.А., Аккозова А.С. Клинико-гематологические показатели кроликов, принимавших с рационом кормовую добавку «Ушастик». Научный журнал исследования, результаты Алматы, 2014, №1, с. 63-66

3. Қырықбайұлы С., Тілеуғали Т.М., /Ветеринариялық-санитариялық сараптау практикумы. Алматы, 2007, 361-366 б.

Ромашев К.М., Аккозова А.С., Шалхарова Д.Ж., Қазтаева Б.Қ.,
Джунисбаева С.М.

ХИМИЧЕСКИЙ СОСТАВ МЯСА КРОЛИКОВ РАЗНЫХ ПОРОД В УСЛОВИЯХ КРОЛИКОВОДЧЕСКОГО ХОЗЯЙСТВА ЮЖНО-КАЗАКСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

В статье приведены результаты исследовани химического состава мяса кроликов разных пород в условиях кролиководческого хозяйство Тулкибаского района Южно-Казакстанской области. В научном эксперименте использовали породы кроликов: «Белый великан», «Серебристая» и «Советская шиншилла». На оснавании научных экспериментов пришли к выводу, что мясо кроликов породы «Белый великан» по энергитической ценности превосходит мясо кроликов породы «Серебристая» и «Советская шиншилла».

Ключевые слова: кролик, белок, жир, влажность, зола, энергитическая ценность.

Romashev K.M., Akkozova A.S., Shalharova D.J.,
Kaztaeva B.K., Djunisbaeva S.M.

CHEMICAL COMPOSITION OF MEAT OF RABBIT OF DIFFERENT BREEDS IN THE CONDITIONS OF КРОЛИКОВОДЧЕСКОГО OF ECONOMY OF ЮЖНО- КАЗАКСТАНСКОЙ OF AREA

To the article the results of исследовани of chemical composition of meat of rabbit of different breeds are driven in the conditions of кролиководческого economy of Тулкибаского of district of Южно-Казакстанской of area. In a scientific experiment used the breeds of rabbit : the "White giant", "Silvery" and "Soviet chinchilla". On оснавании of scientific experiments send to the conclusion, that meat of rabbit of breed the "White giant" on энергитической цености excels meat of rabbit of breed the "Silvery" and "Soviet chinchilla".

Key words: rabbit, albumen, fat, humidity, ash, power value.

ӘОЖ 636.598:591.47

Султанұлы Ж., Жұмагелдиев А.Ә., Хизат С., Омарбекова Г.Қ.

Қазақ ұлттық аграрлық университет

ЛЕВОМИЦЕТИН ҚОЛДАНҒАН ҚҰС ЕТІНІҢ ФИЗИКАЛЫҚ-ХИМИЯЛЫҚ, СЕЗІМДІК, МОРФОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада левомецетин қолданған құс етінің физикалық-химиялық, сезімдік және морфологиялық көрсеткіштерін сараптау.